СЕМИНАР-ТРЕНИНГ 06

26.11.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде 1-желтоқсан – Халықаралық ЖИТС пен күресу күніне орай «Өзіңді қорға, болашағыңды сақта» тақырыбында семинар-тренинг өткізілді. Алғы сөзді директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары Андакулова К.Т. алып, қонақтарды таныстырып, шараны ресми түрде ашты. Семинар-тренингте баяндамалар оқылып, «Шұғыл жағдайларда алғашқы медициналық көмек көрсету» тақырыбында шебер-сыныбы көрсетілді. Бұл семинар-тренинг студенттердің өз мамандығына деген қызығушылығын күшейтіп, кәсіби жауапкершілігін сезіне білуіне ықпал етті. Сонымен қатар, болашақ медицина қызметкерлерінің білімін тереңдетіп, салауатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығын ұғындырған тәрбиелік мәні зор іс-шара болды.

Спикерлер:Досымова И.М. - «Жамбыл облыстық жұқтырылған иммун тапшылығы синдромының алдын алу және онымен күрес жүргізу орталығы» дәрігер-эпидемиолог. Жылысбаев Е.Н. – Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі «Жастар ресурстық орталығы» КММ маманы. Сүйінбекұлы К- Жамбыл жоғары медициналық колледж психологы.

Жауапты: тәрбие бөлімі және салауатты өмір салтын қалыптастыру жетекшісі Тулегенова У.Б

ҚАЛАЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ОЙЫН 07

28.11.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 90 жылдық мерей тойы аясында география пәнінен «География және медицина: Табиғат пен тән үндестігі» атты қалалық медициналық колледж студенттерінің арасында интеллектуалдық ойын өткізілді. Мақсаты: студенттердің география және медицина пәндеріне деген қызығушылықтарын арттыру, география мен медицинаның байланысын ұйымдастыру, экологиялық факторлардың адам денсаулығына әсерін зерттеу, логикалық ойлау мен топта жұмыс істеу дағдыларын дамыту.

Қатысушылар:

1. «Тараз-Болашақ жоғары медициналық колледжі» ЖШС.
2. Тараз мамандандырылған колледжі.
3. «Alem» кәсіби білім беру колледжі.
4. «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК.

Әділ-қазы алқасының мүшелері:

1. Джармухамедова Дана Байсериковна М.Х.Дулати атындағы Тараз Университеті, жаратылыстану ғылымдары факультетінің «Білім берудегі тарих және география» кафедрасының аға оқытушысы, жаратылыстану ғылымдарының магистрі.
2. Бескемпірова Әйгерім Мұратқызы М.Х.Дулати атындағы Тараз Университеті, филология және гуманитарлық ғылымдары факультетінің «Тарих» кафедрасының аға оқытушысы, жаратылыстану ғылымдарының магистрі.
3. Назар Динара Қыстаубаевна Жамбыл жоғары медициналық колледжінің «Анатомия және физиология» пәнінің оқытушысы, медицина ғылымдарының магистрі.

Интеллектуалдық ойын жүлдегерлері:

1 орын – «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК
2 орын – «Тараз Болашақ жоғары медициналық колледжі» ЖШС
3 орын – Тараз мамандандырылған колледжі
3 орын – «ALEM» Кәсіби білім беру колледжі

Жеңімпаз атанған топтар дипломдармен, сыйлықтармен марапатталды.

Ұйымдастырушылар: география пәнінің оқытушысы Даулетбекова Айгүл Боранбекқызы және №1 әлеуметтік-экономикалық жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері ЦӘК оқытушылары.



№3
05.12.2025 ж.

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСЫ 01
Үйірме жұмысының кезекті отырысы өткізілді.

"JUNIORSKILLS JAMBYL - 2025" ОБЛЫСТЫҚ ЧЕМПИОНАТ 02

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫ 03
Тәрбие жұмысының ұйымдастыруымен тәрбие сағаты және дәріс өткізілді.

ЖАС МАМАНДАР МЕКТЕБІ 04
Жас мамандар мектебінің кезекті отырысы өткізілді.

АШЫҚ САБАҚ 05
Колледж оқытушыларының өткізген ашық сабақтары.

СЕМИНАР-ТРЕНИНГ 06
«Өзіңді қорға, болашағыңды сақта» тақырыбында семинар-тренинг өткізілді.

«ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ МЕДИЦИНА: ТАБИҒАТ ПЕН ТӘН ҮНДЕСТІГІ» ҚАЛАЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ОЙЫН 07

ҚҰТТЫҚТАУ! 08
Колледж оқытушыларымен студенттердің жетістіктері

ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСЫ 01

06.11.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 90 жылдық мерейтойына орай «Авиценна» үйірмесінің жетекшісі А.А. Бөпееваның ұйымдастыруымен «Емдеу ісі» мамандықтары бойынша 222 ЕФ-9/24, 128 ЕФ-11/25 топтармен «Жасанды интеллект: төрт пайдасы мен төрт қаупі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Іс-шараның мақсаты: ЖИ-дің адам өмірін өзгертудегі төрт пайдасы мен төрт зиянды жағын талдау. Жасанды интеллекттің қазіргі қоғамға әкелетін ең үлкен артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсету.

"JUNIORSKILLS JAMBYL - 2025" ОБЛЫСТЫҚ ЧЕМПИОНАТ 02

05.11.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 90 жылдық мерей тойы аясында №2 Жалпы білім беру және жаратылыстану ғылыми пәндері ЦӘК оқытушылары «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы, «Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығы» мен бірлесе отырып, **«JuniorSkills Jambyl -2025»** облыстық чемпионатын өткізді. Чемпионат жастарды қолдау, жаратылыстану ғылымы мен медицинаны насихаттау, қолдану аясын кеңейту, оқушылардың шығармашылық, ізденушілік қабілеттерін, мәдени дүниетанымын дамыту, медицинаға деген қызығушылығын арттыру және оларды үйреніп білуге ынталандыру мақсатында 14-15 жастағы оқушылар арасында «JuniorSkills Jambyl-2025» облыстық чемпионаты «Химия-биология білімпаздары» құзыреттілігі бойынша өтті.

Worldskills – дағдылардың құндылығын көрсетеді және білікті мамандардың бүкіл әлемде танылуын арттырады. Бұл қозғалыстың мақсаты – кәсіптік білім беруді дамыту және мамандық мәртебесін көтеру.

Облыстық чемпионат сарапшылары:

1. Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығының» басшысы – Сапарғали Айбар Мәлсұлы
2. Жамбыл жоғары медициналық колледжі директордың оқу – өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары – Андакулова Құралай Тлеулесовна.
3. М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті «Химия» кафедрасының меңгерушісі, химия ғылымдарының кандидаты Мажибаев Асылжан Кенжекереевич.
4. М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті биология кафедрасынының аға оқытушысы, биология ғылымдарының магистрі – Султанаев Ердос Бахытұлы.
5. Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жамбыл ауданының білім бөлімі әдістемелік кабинет меңгерушісі Джампеисова Назаркуль Елеукеновна.

«JuniorSkills Jambyl-2024» облыстық чемпионат жеңімпаздары:

I орын – Қыдырбек Ұлдана Арманқызы Меркі ауданы, Ақарал орта мектебі

II орын – 2 орын Касен Нұра Дәуренқызы Шу ауданы ,С.Сейфуллин орта мектебі

III орын – Шарипбай Аксезім Ерланқызы Байзақ ауданы Н. Киікбаев атындағы мектеп – гимназия

III орын – Тұлжан Мағжан Русланұлы Тараз қ. N 62 орта мектеп оқушысы.

Қатысушылар сыйлықтармен, сертификаттармен марапатталды.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫ 03

11-12.11.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде «Өңірдің экологиялық мәселелері және оларды шешу жолдары» тақырыбына мәжіліс залында кураторлық сағат өткізілді. Мақсаты: адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты зерттейтін экология ғылыммен таныстыру. Экология табиғи ресурстардың тиімді пайдаланылуы, қоршаған ортаны қорғау және тірі организмдермен өзара әрекеттесуін қарастырады. Өңірдің экологиялық мәселелерін шешу тек мемлекеттік органдардың ғана емес, сонымен қатар әрбір адамның жеке жауапкершілігі болып табылады. Экологиялық тепе-теңдікті сақтау үшін жүйелі жұмыстар жүргізіліп, нақты шешімдер қабылдануы қажет екенін түсіндіру. Қатысқан топтар: 111М-9/25, 118ЕФ -9/25, 123ЕФ-9/25, 113ЕФ-9/25, 115ЕФ-9/25, 117ЕФ-9/25, 120ЕФ-9/25. Жауапты куратор: Токсанбаева Д.Н.

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ
№3, 5 желтоқсан
2025 жыл, жұма

13.11.2025 ж. «Алаштың ардақтысы – Міржақып Дулатұлы» тақырыбында “Емдеу ісі” мамандығы, 415ЕФ-9/22 топ студенттерімен тәрбие сағаты өтті.

Тәрбие сағатында Міржақып Дулатовтың өмірі мен шығармашылық мұрасы таныстырылып, оның ұлт тәуелсіздігі жолындағы күрескерлік қызметінің мәні түсіндірілді. «Оян, қазақ!», «Бақытсыз Жамал» сияқты шығармалары арқылы ұлттық сана, патриотизм, рухани құндылықтарды қалыптастыруға ықпал жасалды.

Мұндай іс-шаралар студенттер бойында ұлттық сананың жоғарылауы, елжандылық, рухани-адамгершілік құндылықтарының нығая түсуіне оң әсерін береді және ұлт зиялыларын ұлықтаудың тура жолы. Топ кураторы: Рахметілдаева А.Т.

14.11.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледждінде «Өзіңді күт – әр күніңді бағала» атты студенттерге арналған дәріс өткізілді. Дәрісте студенттер үшін өз-өзіне күтім жасау, эмоционалды ресурсты сақтау және күнделікті өмірдегі стресс деңгейін басқару туралы пайдалы кеңестер ұсынылды. Дәрісте қатысушылар өз денсаулығына жан-жақты күтім жасаудың маңызын түсінді; психологиялық күйді тұрақтандыру әдістерімен танысты; өмір сапасын арттыруға көмектесетін күнделікті қарапайым әдеттерді меңгерді. Өзіңді күту — сән емес, қажеттілік. Өз құндылығыңды сезіну — жарқын күндердің бастауы. Әр күніңіз мағыналы, тыныш, күтімге толы болсын

Жауапты: психолог К.Сүйінбекұлы.

ЖАС МАМАНДАР МЕКТЕБІ 04



12.11.2025ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен «Ізденіске толы ұстаздық жол» тақырыбында жас мамандар мектебінің отырысы өткізілді.

Күн тәртібінде:

1. Оқытушының іс-тәжірибесінен «Мейіргер ісі негіздірі» пәнінің оқытылуы бойынша тренинг сабақ (15-20 минуттық) . Жауапты «Мейіргер ісі негіздері» пәнінің оқытушысы БайбулековаА.Р.

2.SKAFFOLD –құралдарын пайдаланып оқу сабақтарын жоспарлау. Жауапты «Орыс тілі мен әдебиеті» пәнінің оқытушылары Бейсенбаева А.О. және Бегалиева Э.Б.

3.ОӘК дайындау бойынша практикум. Жауапты әдіскер Коконбаева А.К.

4.Психологиялық тренинг. Жауапты:Колледж психологы Сүйінбекұлы К.

АШЫҚ САБАҚ 05

№ 1 Арнайы пәндері циклдық әдістемелік комиссия оқытушысы Х.Б. Бешли Оглы «Емдеу ісі» 320 ЕФ-9/23 тобымен, «Ішкі аурулар пропедевтикасы» пәнінен «Методы исследования больных с заболеваниями органов дыхания» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты — тыныс алу жүйесі аурулары бар науқастарды тексерудің негізгі әдістері жөнінде білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыру, әрбір әдістің диагностикалық маңызын түсіндіру.

01.12.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің №1 арнайы пәндер циклдық әдістемелік комиссия оқытушысы Ж.Қ Ағадилова «Пациенттің жағдайын клиникалық бағалау» пәнінен 308 М- 9/23 1 топшасымен «Бауыр, өт жолдары аурулары бар науқастарды тексеру әдістері. Мейіргер үрдісін ұйымдастыру» тақырыбында колледжішілік ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: студенттерге бауыр мен өт қабы қызметінің бұзылыстарында пайда болатын клиникалық көріністерді таныстырып, түсіндіру. Пациент жағдайын бақылау барысында бауыр мен өт қабы ауруларында пальпация және перкуссия тәсілдерін меңгерту. Бауыр мен өт қабы патологияларын анықтауда қолданылатын зертханалық және аспаптық зерттеу әдістерін үйрету.